3.11 ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары

Орналастырылған жоқ



- 3.1 облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні
14.08.2020
- 3.2 облигациялардың түрі және саны
50 000 000 000 атаулы купондық облигациялар
- 3.3 шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі
50 000 000 000
- 3.4 орналастырылған облигациялар шығарылымының саны
0
- 3.5 облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі
0
- 3.6 осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы
0
- 3.7 сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны
Орналастырылған жоқ
- 3.8 эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы
Орналастырылған жоқ
- 3.9 облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі
Орналастырылған жоқ
- 3.10 облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда
Орналастырылған жоқ
- 3.11 ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары
Орналастырылған жоқ

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі. Облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болатын жағдайда, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

Атаулы купондық қамтамасыз етусіз облигациялар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

3) облигациялардың саны

100 000 000 (жүз миллион) дана

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сапалық көл көю" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заппен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



100 000 000 000 (жүз миллиард) Теңге

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде ақшалай теңгемен төленеді.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе алынбауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының бүкіл мерзіміне құбылмалы болып табылады.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі 0,35% (нөл бүтін жүзден отыз бес пайыз) тіркелген маржаны шегерумен купондық кезеңде әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің орташа мәні ретінде есептеледі:

$$K = \sum_{i=1}^n BC_{i-3 \text{ р.д.}} / N - 0.35\%$$

K – облигациялар бойынша бір купондық кезеңдегі купон мөлшерлемесі;

BC_{i-3р.д} - i күнге дейін үш жұмыс күні бұрын әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі;

i – купондық кезеңдегі күнтізбелік күндер;

n – купондық кезеңдегі күндер саны.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақыны төлеу көзделмеген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені өзгерткен жағдайда, Эмитент облигациялар бойынша купон мөлшерлемесі өзгерген күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесінің өзгергені туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) назарына жеткізеді, сондай-ақ Эмитент Биржаның ресми сайтында хабарлама жариялау арқылы аталған ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні

Сыйақыны төлеу жылына 2 (екі) рет әр 6 (алты) ай сайын, жыл сайын өтеу мерзіміне дейін жүргізіледі.

Соңғы купондық сыйақыны төлеу облигацияларды өтеумен бір уақытта жүзеге асырылады.

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналымы басталған күннен басталады және облигациялар айналымының бүкіл мерзімінің ішінде айналымның бірінші күнінен соңғы күніне дейін жүзеге асырылады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



алу тәсілі

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлемдері жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (бұдан әрі - «Тіркеу күні») Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Сыйақыны төлеу Тіркелген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша (теңгемен) аудару арқылы жүзеге асырылады.

Төлем күніне сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі.

Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Actual/Actual уақытша базаның есебінен жүргізіледі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері

2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі

3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:



- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
 - 2) секьюритизлендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
 - 5) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері
 - 6) сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі
- Жатпайды

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні

Облигацияларды орналастырудың басталу күні болып, облигациялар айналымының басталу күні табылады.

- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні

Облигациялар айналымының аяқталу күні болып облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күні табылады.

- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні

Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес орналастыру бойынша бірінші сауда-саттық өткізілген күн облигациялар айналымының басталу күні болып табылады. Облигациялар айналымының басталу күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми сайтында жарияланатын болады.

- 2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар айналымының аяқталу күні болып облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күні табылады.

- 3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Жылдар	Айлар	Күндер
2		

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-III "Об электронном документе и



4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған
- ұйымдастырылмаған

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигацияларды өтеу облигациялардың айналымы аяқталған күннен кейінгі қоса алғандағы күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде жүргізіледі.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару (теңгеде) арқылы облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.

Барлық төлемдер – сыйақыны төлеу мен облигацияларды өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын өзге мүліктік құқықтармен төлеу көзделмеген.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигациялардың бүкіл айналым мерзімі ішінде кез келген күні облигацияларды сатып алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, талаптары мен мерзімі Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен анықталады. Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс. Облигацияларды сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды, Эмитент сатып алған облигацияларын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құнды қағаздар нарығында айналым мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы. Сатып алу «Қазақстан қор биржасы» АҚ Саудасаттықты ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында жүзеге асырылады.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі

Эмитент облигацияларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген тәртіпте және мерзімде сатып алады. Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімін ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (<http://www.berekebank.kz>),

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сапалық көл көле" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-III "Об электронном документе и



«Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми сайттарында Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен, хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайына жіберуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушының оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішін Эмитент оны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарастырады.

Облигацияларды сатып алуды Эмитент Директорлар Кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырады.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарды қоймаған облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

1) облигациялар Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта, және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басқа ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

2) облигациялар Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта, және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басқа ішкі құжаттарында белгіленген облигациялар Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі

Эмитент облигациялардың барлық ұстаушыларын Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделмеген кез келген шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуы туралы Эмитенттің (<http://www.berekebank.kz>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында, эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Ішкі талаптарында белгіленген тәртіппен хабарламаны орналастыру арқылы бұзылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде хабардар етеді.

Облигацияларды ұстаушылар кез келген шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуы туралы ақпарат жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайына жіберуге құқылы.

Хабарламада облигацияларды ұстаушылардың эмитентке облигацияларды сатып алу бойынша талаптарды бұзу себептері мен ұсыну рәсімдері туралы толық ақпарат болуы тиіс.

Сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі есептелген сыйақыны ескере отырып, облигациялардың

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-П "Об электронном документе и



номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе қандай шама ең үлкен болып табылатынына байланысты облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін Эмитент бұл шешімді ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (<http://www.berekebank.kz>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен, хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Облигацияларды сатып алуды Эмитент Директорлар Кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырады.

Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізіледі.

Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Осы Проспектіде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, облигацияларды ұстаушы Эмитентке өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талапты еркін нысанда беру арқылы, барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, кез келген шектеуді бұзу туралы ақпаратты жариялаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы:

- заңды тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарды бермеген облигацияларды ұстаушылар осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді

Жатпайды

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылмайды.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылмайды.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылмайды.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Қолданылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Қолданылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Эмитент қорландыру көздерін әртараптандыру және Эмитенттің өтімділігін қолдау мақсатында облигациялар шығаруды жүзеге асырады.

Тәртібі: Облигацияларды орналастырудан түскен ақша Эмитенттің қызметін жандандыруға бағытталады.

Эмитент облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны бөлу тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі замімен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Қолданылмайды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Қолданылмайды.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды.

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Қолданылмайды.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Қолданылмайды.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Қолданылмайды.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Қолданылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Қолданылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Қолданылмайды.

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Қолданылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Мемлекеттік тіркеу күні

Мемлекеттік тіркеу нөмірі

Облигациялардың түрі

Саны

Көлемі

Есептелген және төленбеген пайыздар

Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

Облигация ұстаушылар келесілерге құқылы:

- облигацияны өтеу кезінде номиналды құнын алуға, сондай-ақ шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнының тіркелген пайызын алуға;

- облигацияларды еркін сатуға және өзге жолмен иеліктен шығаруға;

- өз талаптарын заңнамада және осы проспектіде көзделген тәртіппен қанағаттандыруға;

- белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты алуға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Эмитентке қойылатын өз талаптарын қанағаттандыруға;

- облигацияларға иелік етуге, пайдалануға және билік етуге құқылы;

- Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі борыштың сыйақысын және/немесе номиналды құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге. Бұл ретте Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы және/немесе негізгі борышты төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді орындау күніне немесе оның тиісті бөлігіне қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемені негізге ала отырып есептеледі;

- осы проспектіде белгіленген жағдайларда барлық Облигацияларды сатып алуға мәлімдеуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-III "Об электронном документе и



2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4 бабы 2-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көзделген негіздер басталған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын сатып алу туралы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4 бабы 2-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде тиісті хабарлама жіберу, сондай-ақ хабарламаны Эмитенттің (www.berekebank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етеді, соның ішінде: (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін аталған оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат; (ii) облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін, соның ішінде Эмитентке талаппен жүгінудің тәртібі мен мерзімдерін атап өту; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4 бабы 2-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, облигацияларды ұстаушылардың кез келгені тиісті хабарлама алғаш жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талапты жіберу арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың біріншісін алғаннан кейін Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей болуға тиіс сатып алу күнін айқындайды және облигацияларды ұстаушылардың алдағы облигацияларын сатып алу, сондай-ақ Эмитенттің (www.berekebank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында тиісті хабарламаны орналастыру күні туралы хабарлайды.

Бұл ретте Эмитенттің облигацияларын сатып алу мынадай бағалардың ең үлкені бойынша жүзеге асырылады:

-есептелген сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

-облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарды қоймаған облигациялар осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

3) өзге де құқықтар

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық көп көп" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заппен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Дефолт – Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.

Басталған кезде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдай – Эмитенттің осы Проспектіде көзделген негізгі борыштың және (немесе) сыйақыны төлеу мерзімі өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін толығымен немесе ішінара орындамауы.

Егер мұндай төлем және (немесе) толық емес төлем Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының, Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Облигацияларды ұстаушылар тізілімін Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса Эмитенттің осы проспектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі дефолт болып табылмайды.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Дефолт басталған кезде Эмитент дефолттың осындай жағдайының туындау себептерін жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша міндеттемелерді өтеуге бағытталған Эмитент қабылдайтын шаралар кез келген басқарушылық, қайта ұйымдастырушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгелерден тұрады.

Дефолт туындаған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күні қолданыста болатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент Проспект бойынша міндеттемелерді толығымен немесе ішінара орындамағаны, тиісті түрде орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық дүлей күш жағдайлары салдарынан пайда болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар (апатты құбылыстарды, әскери іс-қимылдарды, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындаған жағдайында, міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың және олардың салдарының әрекет ететін уақытқа шамалас жылжытылады.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі



Дефолт туындаған жағдайда Эмитент Эмитенттің (www.berekebank.kz), «Қазақстан қор биржасы» (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің кінәсінен купондық сыйақыны және (немесе) облигациялар бойынша негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде дефолт оқиғаларының туындағаны туралы облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды, ол мыналарды қамтуы керек: (i) Дефолт фактісі туралы ақпарат; (ii) Дефолт туындаған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; (iii) Дефолттың пайда болуына әкелген міндеттемелерді орындамаудың себептері; (iv) облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін, соның ішінде эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін атап өту; (v) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Эмитент қабылдаған шаралар; (vi) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат. Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыны төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге №1 қосымшада берілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Қолданылмайды.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):



1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы: Қолданылмайды.

қысқартылған атауы: Қолданылмайды.


2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері: Қолданылмайды.

байланыс телефондарының нөмірлері:

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: ,

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Уәкілетті тұлға



АЛЕКСЕЕВА НАДЕЖДА
АЛЕКСАНДРОВНА

(тегі, инициалдары)

Электронная цифровая подпись:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-III "Об электронном документе и

